

**«БВ03107-Психология» білім беру бағдарламасы
2022-2023 оқу жылының күзгі семестрі
2 курс, қазақ бөлімі**

**Пән: Түйсіну, қабылдау және зейін психологиясы
5-дәріс**

Дәрістің тақырыбы:

Түйсінудің теориялық-эксперименттік негізі

Дәрістің жоспары:

- 1.Түйсіну психологиясының жалпы зерттеулеріне шолу**
- 2. Түйсіну психологиясының теориялық негіздері.**
- 3.Түйсіну психологиясының негізгі эксперименттік зерттеулері**

1.Түйсіну психологиясының жалпы зерттеулеріне шолу

ХІХ ғасырдағы сезім органдарының классикалық физиологиясы көптеген ғылыми және фундаменталды мәліметтер мен заңдылықтарды ашты. Түйсінудің рецепторлық теориясының орнына жаңа түйсінудің рефлекторлық теориялық концепциясы жайлы ілімі дамыды (рефлекстермен яғни сырттан бір әсер болады соған тітіркенулер туындайды) , И.М. Сеченов пен И.П. Павловтың ілімдеріне сүйеніп жасалды.

Түйсінудің рецепторлық концепциясы И. Мюллердің «сезім органдарының арнайы энергиясы» деген принципіне қатысты туындады. Ол өзінің «Адам физиологиясы курсы» деген еңбегінде бұл принципті былай тұжырымдайды: «Сыртқы әсерлерден шақырылған түйсінулерді ала алмаймыз, ол себептерсіз-ақ рецептордың нервтермен шақырылады деді мысалы көру түйсінуі сол көздің функциясынан туындайды деп кәте пікірді айтты.

И. Мюллер қорытынды жасайды: «әсер ететін заттардың сапасы жайлы білімдерді түйсіну бермейді, оны сезгіш нервтер береді мысалы көру түйсінуінде көз нервтері көру түйсінуін тудырады деп түйсінудің психикамен байланысын үзіп тастады. Түйсіну процесі тітіркендіргіштің әсерін бейнелеу емес, рецепторларды арнайы энергиялар бар сол рецепторда түйсіну береді

Түйсінулердің өзара әрекеті жайлы зерттеулерге 1930 жылдан бастап назар аударылды (С.В.Кравков). Түйсінудің ескі теориясын жеңуде сезім органдарының өзара әрекеті жайлы жағдайлар эксперимент жүзінде бекітілді. Түйсінуде жауап реакция болмаса, психикалық құбылыс ретінде бола алмайды, мысалы қимылсыз қол астереогностикалы болып табылады. Түйсінудің рецепторлы теориясының эмпирикалық негізін бұзудағы (И.Мюллер, Гельмгольц, психофизиктер) тағы бір бағыт – И.М.Сеченов және И.П.Павловтың идеялары.

Г. Гельмгольц, Вебер-Фехнердің алғашқы тұжырымдамасын өзгертті, яғни тітіркендіргіш құбылыстарын басқару, бірақ сезгіштіктің көп қырлы қасиетін толық аша алмайды деді (кейін П.П. Лазарев бекітті).

Вибрациялық сезім – қозғалған денеге байланысты шақырылған ауа тербелісіне деген сезгіштік. Оның физиологиялық негізі әлі ашылған жоқ. Кейбір зерттеулер оны терімен емес сүйекпен қарастырады (М.фон Фрей), басқалары оны тактильді-тері түйсінуімен түсіндіреді (В.М. Бехтерев, Л.С. Минор).

Сезгіштіктің ылғи да өзгеріп отыратындығы көп айтылады (А.И. Богословский, К.Х. Кекчеев). Б.М. Теплов өте ұзақ емес жаттығулар барысында биіктіктің айыру табалдырығының тез төмендегенін анықтады. Психология бойынша тек тітіркендіргішпен ғана емес, затпен, органмен ғана емес, адаммен қатысты зерттеулер негізгі болып саналады.

Табалдырықтарды анықтау үшін психофизикада бірнеше әдістер жасалған:

Г.Э. Мюллер (1860):

- а) ішкі бағдарлану әдісі (Фехнер бойынша орташа кәте әдісі);**
- ә) шекара әдісі (Вундт бойынша минималды өзгерістер әдісі);**

б) тұрақты тітіркендіргіштер әдісі (Фехнер бойынша шын және жалған жағдайлар әдісі).
а) **Ішкі бағдар немесе орташа қате әдісі** – сыналушы, субъект өзі әрең білінер түйсіну туғанша тітіркендіргіштің интенсивтілігін біресе ұлғайтып, біресе азайтып өзі анықтайды (формуласын семинарда талдаймыз).

Жалпы психофизикалық заңдылықтар келесі маңызды сұрақтарды шешеді:

Түйсіну табалдырықтары. Табалдырық пен сезгіштікті өлшеу. Субсенсорлы диапазон. Сигналдарды табу теориясы. Психофизиканың Фехнерден Дж. Гибсонға дейін дамуы. Түйсінулерді өлшеу, шкалалау. Көру қабылдауындағы Фурье анализ. Табалдырықты өлшеу әдістері. Фехнер постулаты. Сенсорлық сапаларды зерттеу. Стивенстің психофизикасы. Солардың кейбіріне тоқталамыз

Түйсінудің стимулдар мәселесі Англияның физиологы Хэд сезіну деңгейлерін өзінің көз-қарасы бойынша үлкен және кіші сонымен қоса үлкен филогенді және кіші филогенді деп бөлді. Бұл сезіну деңгейін зерттеу үшін өзінің бас бармағын кесіп бақылайды. Осы суреттен кейін Хэд сезіну деңгейін екі деңгейден тұратынын көрді.

1) Операциядан кейін бірнеше айдан соң ауруға деген тітіркендіргіш сезімі п.б және T° -ға байланысты тітіркенді.

2) Бір жыл өткен соң саусағының сезінуді, сипауды, температураның өзгеруін сезіне бастады. Сол кезде ғана ауру жоғалады.

Терінің ескі және жағымсыз бөлігін-**протопатикалық** Ал жіңішке әрі жаңасын-**эпикритикалық** сезіну деп бөлді.

Генетикалық жоспарда эксперимент жолымен алынған (**Г. Хэд**): **протопатикалық сезгіштік – неғұрлым көбірек жабайы және** аффективті болған сайын, соғұрлым аз дифференциалданады және локализацияланады;

эпикритикалық сезгіштік - жұқа дифференциалданған, объективтіленген және рационалды, осы екінші сезгіштік біріншіні қадағалайды (протопатикалық сезгіштік таламуста, эпикритикалық ми қабықтарында болады).

Орбели Хэд жаңағы протопатикалық сезінудің ішінде эпикратикалық сезінудің құрамында болады деп есептеген. Осы екеуі қосылып-**антагонистік** болады деп көрсеткен.

Орбели мен Панкратованың дәлелдеуінде мысықтың жүйке-жүйесі жарақаттанғанда, оның қатты тітіркенетіндігі және ауыратындығы белгілі болды.

Осы жағдайларды жылы Хэдтен бұрын орыс физиологы Данилевский зерттеген. Ол тері арқылы сезінгенде "**тактильді сезіну**" және "**құштарлықты**" сезіну деп қарастырды.

Біріншісі жақсы ерекшелінеді, екіншісі жаман локализацияланады және жаман сипатқа ие болады Құштарлықты Данилевский бойынша "**ауру**" деп есептеген (бейсаналық процессті түсіну керек).

2.Түйсіктің өзгеруі және оны өлшеу.

Түйсікті өлшеу дегеніміз оны есептеп шығару арқылы сандық баға беру. Сандық баға беру арқылы біз түйсіктің күшінің қаншалықта деңгейде екенін анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін арнайы бір физика мен техникадағы сияқты өлшеу шкала болуы керек. Ол үшін көптеген әдістер табылған болатын. Ғылымның өзінің өлшеу әдістері болып, ол математикалық өңдеуге берілсе сонда ғана ол нақты бекітілген ғылым болып табылады. Психология өзі дербес ғылым ретінде XIX ғасырда танымал болды.

Түйсіктерді не үшін өлшеу керек? Психология нақты ғылым болуы үшін. Түйсіктерді өлшеу арқылы адамның қабылдап отырғанының реалды образдарын анықтауға болады.

3.Түйсіктерді анықтауда абсолютті және айыру табалдырықтар түсінігі бар. Абсолютті табалдырық дегеніміз минималды тітіркендіргіш берілгендегі түйсінудің тууы б.т. Ал айырма табалдырық дегеніміз екі түйсік арасындағы айырма табалдырықты анықтау б.т.

4.Субъективті шкалаларды зерттеу.

Статикалы-динамикалық түйсінулердің жалпы сипаты, жылдамдату және теңесу түйсінуі. Бірөлшемді шкалалау. Шкалалау типтері. Көп өлшемді шкалалау. Тура шкалалау. Фигура және фон. Үшінші өлшеуді қабылдау – алыстату, тереңдікті қабылдау: таңдамалы, бинокулярлы, трансформациялық оның негізгі эксперименттері қабылдау психологиясында кеңірек танысамыз.

2. Түйсіну психологиясының теориялық негіздері.

Сенсорлы процестердің табиғатын зерттеу психофизикадан басталады.

Табалдырықты өлшеу әдістері сенсорлық жауаптардың дәрежелік заң бойынша өсіп отыратынын көрсетті. Мінез-құлықты зерттегенде қарапайым қатынастар стимуляцияның көптеген түрлерінде сақталып қалатынын, дәрежелік заңның тұрақтылығы мен кең таралуы үлкен мағынаға, шын мәнінде, ие болғанын көрсету экспериментте қиынға түседі.

Дыбыс ретінде эксперименттерде төменгі жиіліктегі шу алынған. Вибрацияның тұрақты жиілігі бар (60Гц) және ол ортаңғы саусақ ұшына беріледі (Стивенс, 1959).

Көру аймағына әсер етуші күштің күші қаншалықты?

«Біздің пайымдауымызша, көру аймағындағы барлық объектілерде аймақтың байланыстырушы күші болады, олар векторлық табиғатқа ие...». Екі нүктенің кеңістікте және уақытта жақын болған сайын оның байланыс тенденциясы қатты көрінеді.

Келер көру аймағының және басқа да модальдылықтардың бұл заңдылықтарының көп өлшемді иллюстрациясын көрсетеді: екі нүктенің тенденциясы денеге симульантты жанасуда шындыққа қарағанда бір-біріне жақын көрінеді, дәл осы феномен естуде, яғни тереңдікті қабылдауда екі диспаратты нүктелердің бірігуі.

Коффканың айтуы бойынша: «бізде күштің екі түрі бар: процестерді жіктеудегі ішкі күш және осы жіктелген тенденцияларға мүмкін болғанша қарапайым форма беруші күш».

Байланыстырушы күштің интенсивтілігі квазисандық заңдылықтармен сәйкес келеді:

Көру аймағындағы процестер арасында сандық байланыс көп болған сайын, олардың арасындағы байланыстырушы күш мықтырақ болады.

Процестердің интенсивтілігі бойынша ұқсастық көп болған сайыноларды байланыстырушы күш көп болады. Осы негізді сипаттаушы таза демонстрация – Либмананың эффектіс деп аталады.

Ұқсас процестердің арасындағы қашықтық жақын болған сайын, байланыстырушы күш көбейеді

Ұқсас процестер арасындағы уақыт интервалы аз болған сайын, байланыстырушы күш күштірек болады.

Сонымен **Психофизика - жүз ғасыр бұрын пайда болған, қоршаған ортадағы энергиялардың әсеріне ағзаның жауапты реакцияларын зерттейтін пән.**

Басқаша айтқанда, қарапайым және барлық жерде орындалатын психофизиканың заңы бар – бұл заң туралы алғашында Плато тұжырымдаған, бірақ кейіннен бас тартқан.

XX ғасырдың 30жылдарынан бастап, психофизиканың мән-мағынасы қайтадан құрыла бастады. Сол ескі сенсорлы жауап мәселесіне қызығушылық сенсорлы жүйелердің кіруі және шығуының қатынастарын сипаттайтын жаңа әдістердің ойлап шығарылуына байланысты пайда болды.

Психофизика түйсінуді өлшейтін ғылым, жаңа психофизика екіге бөлінеді, сенсорлық сезгіштікті өлшеу оны **I психофизика** деп атайды және психофизикалық шкалалар туралы ілім оны **II психофизика** деп атайды.

Сенсорлық сезгіштік психофизикасы сезгіштіктің табиғатын зерттейді. Табалдырық немесе сенсорлық қатарлардың дискреттілігі мен үздіксіздігі мәселесі өмір бойын проблемді болып отыр.

Сезгіштікті психиканың элементар формасы деген критерийін қарағанда оның субъективті емес объективті критериясын табу керек. Р.Иеркстің концепсиясына

ораламыз, зоопсихологияда сезгіштіктің объективті критериясының екі типін көрсетеді. Олар жануар мінез-құлқында жатқан функционалды критериялар. Қозғалғыштық сезгіштіктің критериясы бола алмайды.

Кейбір зерттеушілер қозғалыс жануардың тәжірибесімен байланысты дейді (Ж.Бон), егер де жануар өз қозғалысында есті (жады) көрсе, онда ол қозғалыстар сезгіштікпен байланысты. Бірақ бұл гипотеза көптеген қиындықтар туғызады. **Ол мнемикалық функциямен байланысты (Э.Геринг, Р.Семон).** Сондықтан да тітіркендіргіш пен сезгіштік процестерін айыра білу керек. Бірақ бұл айырмашылықты зерттеу, дәлелдеу физиология үшін өте қиын.

Яғни түйсіну органдары мен тітіркендіру беретін органдарды ажырата білу керек, олар түйсіну органдарына жатпайды. Физиологияда екі термин пайда болды – сезгіштік ұғымы (sensibilitas) және тітіркендіргіш (irritabilitas) ұғымы

А.Н. Леонтьевтің концепциясына сәйкес, түйсік психиканың тарихи бірінші түрі. Түйсіктің пайда болуы жүйке ұлпалары тітіркенуінің дамуымен байланысты. Эволюциялық процестің белгілі бір деңгейінде ағзадағы қарапайым тітіркену сезімталдылыққа ұласады, яғни тек өмір үшін маңызды тітіркендіргіштерге ғана емес, сигналдық мәні бар тітіркендіргіштерге де әсер етуге қабілеттілік. Бұл мүмкін болатын жалғыз көзқарас емес. А.Н. Леонтьев түйсінудің механизмдерін зерттей келе мынадай жалпы қорытындыға келеді, ортақ принциптік механизм сыртқы әсер етуге тән сезім мүшелерінде процестердің бір біріне ұқсау механизмі болып табылады.

Кейін К.К. Платонов психиканың қарапайым тарихи бірінші түрі эмоция екендігін дәлелдеуге тырысты.

Б.М. Теплов және В.Д. Небылицынның көзқарастары бойынша сезгіштік адамның жоғарғы жүйке жүйесі іс-әрекетінің көрсеткіші ретінде жүреді.

Түйсіктің даму теориясында түйсінудің пайда болуына эффлекторлық процестердің қатысуы туралы да зерттеулер маңызды орынға ие. Бұл зерттеулердің жалпы қорытындысы мынадай: түйсік психикалық құбылыс ретінде жауап реакциясы адекватты емес жағдайда немесе мүлдем болмаған кезде түйсінудің болуы мүмкін емес; қозғалмайтын көз соқырлық белгісі, ол қозғалмайтын қол астереогностикалық сияқты (А.Н. Леонтьев, П.И. Зинченко, В.П. Зинченко, Т.П. Зинченко және т.б. жұмыстарында).

Эволюциялық және генетикалық ықпалдарды зерттей отырып, түйсінудің функционалды дамуын да зерттеу маңызды мәселелердің бірі. Яғни, сыртқы факторлардың әсерінен туындаған түйсіну табалдырықтарына байланысты эксперименттік зерттеулер, соның ішінде сезім органдарын бұрмалайтын жасанды шартты кіргізіп, түйсінуді өзгерту жайлы тәжірибелер (М. Страттон тәжірибелері, И. Келердің кейінгі жұмыстары).

Осы жағдайда өткен түйсінудің қайта жасалуы түйсінуді дұрыстауға итермелейді, яғни қоршаған әлем заттарымен практикалық байланыс тәжірибелеріне адекваттылықты орнату жайлы сөз болып отыр. Түйсінулердің өзара әрекеті жайлы зерттеулерге 1930 жылдан бастап назар аударылды (С.В. Кравков).

Сенсорлық қатардың үздіксіздігі жайлы классикалық теория Фехнердің идеяларын сынаумен байланысты пайда болды, Стивенс табалдырық уақытқа қатысты инвариантты болмайды, ол ылғида өзгереді, табалдырық үшін айқын емес түйсіну аламыз.

Эксперимент барысында анықталды сенсорлық жүйеге уақыт сайын көптеген факторлар әсер етеді, ол факторлардың әсерін ылғида ескеру мүмкін емес, біреулері жағымды біреулері жағымсыз әсер етеді, осы баланс Гаусстың нормалды бөлу қисығымен белгіленеді, түйсінудің пайда болуы яғни стимулаға жауап реакциясы сол стимулдың интенсивтілігімен ғана өлшенбейді, кездейсоқ сенсорлықтан тыс факторлардың балансында әсер етді, сондықтанда сол бір ғана стимул түйсінуді не туғызады не туғызбауы мүмкін. Бәрі әсер ететін факторлар балансына байланысты жағымды екеу болса жағымсық да екеу болуы керек. Осы теория иелері табалдырық теориясын қабылдамайды оны гипотеза дейді.

Сезгіштікті объективті өлшеу және субсенсорлық облысы.

Психологиялық зерттеулерде адамның сезгіштігі түйсіну табалдырығымен анықталады, яғни сыртқы тітіркендіргіш пен сөз хабарламасы әсерлерін ұғыну табалдырығы. Адам сезгіштігінің түйсінілмейтін тітіркендіргіштерге қатысты зона болатынын кеңес физиологы Г.В.Гершуни анықтаған. Субсенсорлық облыс ылғи да нормада жұмыс істейтіндігі дәлелденді

Табалдырық сигналдарын табу және шешім қабылдау теориясы.

Мысалы, қараңғылыққа бейімделген көз 7 квант жарығына тең. Егер көз одан да мықты сезгіш болса, біз басқа эффект алар едік. Абсолютті табалдырық психология тарихында ұзақ қаралса да, әлі теориялық дискуссия көп.

Шешім қабылдаудың статистикалық теориясына тоқталамыз. Бұл теория сезгіштік проблемасын жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді. Мағынасы бойынша бұл теория тәуекел жағдайында шешім қалай қабылданады, соны суреттейтін жалпы теория болып табылады. Тітіркендіргіштерді табу проблемасына қатысты шешімдерді қабылдау теориясына берілген қосымшаны сигналдарды табу теориясы деп атайды. Ол шешім қабылдау мысалы ретінде табу ситуациясындағы бақылаушының мінез-құлқын қарастырады.

3.Түйсіну психологиясының негізгі эксперименттік зерттеулері

Сенсорлық шкалалар және сенсорлық функцияның психофизикасы.

Фехнер, Вебер жұмыстары өлшеу ғылымына бағытталды. Бірақ олар математиканың көмегінсіз белгілі бір жүйелікті қамтымады. Ғылымда үш өлшеу шкаласы белгілі, олардың бәрі психологияда қолданылады – реттік, интервалдар және қатынастар шкаласы. Реттік шкаланың негізгі кемшілігі – шкалада бөлінген әртүрлі нүктелердің арақашықтығы жайлы айтпайды. **Түйсіну күшін реттік шкала бойынша өлшесек, бір түйсіну екіншісіне** қарағанда күштірек дегенді айта алмайды, ол жоғарғы қатарға ие болса ғана, біз оны күштірек деп ойлаймыз, бұл дәл емес, ендеше біз өлшеудің пайдалы нәтижелерін алу үшін ретке қарағанда, шкалалауда сандық қатынасты қолдансақ, сол тиімді. Тек өлшеу бірлігін табу керек. Оны интервалдар шкаласы жасай алады, екі нүкте арасындағы айырмашылықты анықтайды. Ноль нүктесіне судың қатуы, ал 100-қа судың қайнау нүктесі алынды (**Фаренгейт шкаласы**). **Қатынастар шкаласы – ең қарапайым өлшеу шкаласы.** Стимулдарды дәл сипаттау үшін көбінесе қатынастар шкаласын қолданады - өлшеу, салмақ, жарықтық шкалалары. Осы стимулдар шақырған түйсіну туралы не айтуға болады? Түйсінуді шкалалауға бола ма: Түйсінуден қатынастар шкаласына қалай өтеміз? Шкалалаудың бірнеше тәсілдері бар, олардың бастысы – фракциялау, қатынастарды бағалау және шамаларды бағалау. Осы үш әдіс бірдей нәтиже береді.

Сонымен Түйсіну – қоршаған орта заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерін бейнелейтін қарапайым психикалық процесс. Басқа сөзбен айтқанда, адам қоршаған ортаның барлығын түйсінеді.

Қабылдау – қоршаған орта заттары мен құбылыстарының барлық қасиеттерінің бүтіндей бейнелейтін психикалық процесс

Табалдырық концепциясы дискретті сенсорлық қатарлар идеясын тарату табалдырық болып табылады.

Организмнің қоршаған ортамен өзара әрекет процесінде сыртқы өзара әрекетте ішкі қатынастар мен организм күйінің даму процестері де өтеді, өзінің биологиялық заңдылығы бойынша «проталлаксылық» өзгерістеріне (А.Н.Северцов) байланысты органдардың екіншілей функционалды «коадаптациясымен» байланысты болады. Ал біріншілейге экстра сезгіштікті, яғни организмнің ортамен өзара әрекетін жатқызамыз. Сондықтан да сыртқы объективті болмысты бейнелейтін психиканың элементар формасы түйсіну деп, психиканың пайда болуы жайлы нақты мәселені қарастырамыз, «түйсіну қабілеті» немесе сезгіштік, оның пайда болуы жайлы зерттейміз.

Сезгіштікті психиканың элементар формасы деген критерийін қарағанда оның субъективті емес объективті критериясын табу керек. Р.Иеркстің концепциясына

ораламыз, зоопсихологияда сезгіштіктің объективті критериясының екі типін көрсетеді. Олар жануар мінез-құлқында жатқан функционалды критериялар. Қозғалғыштық сезгіштіктің критериясы бола алмайды.

Кейбір зерттеушілер қозғалыс жануардың тәжірибесімен байланысты дейді (Ж.Бон), егер де жануар өз қозғалысында есті (жады) көрсе, онда ол қозғалыстар сезгіштікпен байланысты. Бірақ бұл гипотеза көптеген қиындықтар туғызады. **Ол мнемикалық функциямен байланысты (Э.Геринг, Р.Семон).** Сондықтан да тітіркендіргіш пен сезгіштік процестерін айыра білу керек. Бірақ бұл айырмашылықты зерттеу, дәлелдеу физиология үшін өте қиын.

Яғни түйсіну органдары мен тітіркендіру беретін органдарды ажырата білу керек, олар түйсіну органдарына жатпайды. Физиологияда екі термин пайда болды – сезгіштік ұғымы (sensibilitas) және тітіркендіргіш (irribilitas) ұғымы

А.Н. Леонтьевтің концепциясына сәйкес, түйсік психиканың тарихи бірінші түрі. Түйсіктің пайда болуы жүйке ұлпалары тітіркенуінің дамуымен байланысты. Эволюциялық процестің белгілі бір деңгейінде ағзадағы қарапайым тітіркену сезімталдылыққа ұласады, яғни тек өмір үшін маңызды тітіркендіргіштерге ғана емес, сигналдық мәні бар тітіркендіргіштерге де әсер етуге қабілеттілік. Бұл мүмкін болатын жалғыз көзқарас емес. А.Н. Леонтьев түйсінудің механизмдерін зерттей келе мынадай жалпы қорытындыға келеді, ортақ принциптік механизм сыртқы әсер етуге тән сезім мүшелерінде процестердің бір біріне ұқсау механизмі болып табылады.

Кейін К.К. Платонов психиканың қарапайым тарихи бірінші түрі эмоция екендігін дәлелдеуге тырысты.

Б.М. Теплов және В.Д. Небылицынның көзқарастары бойынша сезгіштік адамның жоғарғы жүйке жүйесі іс-әрекетінің көрсеткіші ретінде жүреді.

Түйсіктің даму теориясында түйсінудің пайда болуына эффлекторлық процестердің қатысуы туралы да зерттеулер маңызды орынға ие. Бұл зерттеулердің жалпы қорытындысы мынадай: түйсік психикалық құбылыс ретінде жауап реакциясы адекватты емес жағдайда немесе мүлдем болмаған кезде түйсінудің болуы мүмкін емес; қозғалмайтын көз соқырлық белгісі, ол қозғалмайтын қол астереогностикалық сияқты (А.Н. Леонтьев, П.И. Зинченко, В.П. Зинченко, Т.П. Зинченко және т.б. жұмыстарында).

Эволюциялық және генетикалық ықпалдарды зерттей отырып, түйсінудің функционалды дамуын да зерттеу маңызды мәселелердің бірі. Яғни, сыртқы факторлардың әсерінен туындаған түйсіну табалдырықтарына байланысты эксперименттік зерттеулер, соның ішінде сезім органдарын бұрмалайтын жасанды шартты кіргізіп, түйсінуді өзгерту жайлы тәжірибелер (М. Страттон тәжірибелері, И. Келердің кейінгі жұмыстары).

Осы жағдайда өткен түйсінудің қайта жасалуы түйсінуді дұрыстауға итермелейді, яғни қоршаған әлем заттарымен практикалық байланыс тәжірибелеріне адекваттылықты орнату жайлы сөз болып отыр. Түйсінулердің өзара әрекеті жайлы зерттеулерге 1930 жылдан бастап назар аударылды (С.В. Кравков).

Сенсорлық қатардың үздіксіздігі жайлы классикалық теория Фехнердің идеяларын сынаумен байланысты пайда болды, Стивенс табалдырық уақытқа қатысты инвариантты болмайды, ол ылғида өзгереді, табалдырық үшін айқын емес түйсіну аламыз.

Эксперимент барысында анықталды сенсорлық жүйеге уақыт сайын көптеген факторлар әсер етеді, ол факторлардың әсерін ылғида ескеру мүмкін емес, біреулері жағымды біреулері жағымсыз әсер етеді, осы баланс Гаусстың нормалды бөлу қисығымен белгіленеді, түйсінудің пайда болуы яғни стимулаға жауап реакциясы сол стимулдың интенсивтілігімен ғана өлшенбейді, кездейсоқ сенсорлықтан тыс факторлардың балансында әсер етді, сондықтанда сол бір ғана стимул түйсінуді не туғызады не туғызбауы мүмкін. Бәрі әсер ететін факторлар балансына байланысты жағымды екеу болса жағымсық да екеу болуы керек. Осы теория иелері табалдырық теориясын қабылдамайды оны гипотеза дейді.

Сезгіштікті объективті өлшеу және субсенсорлық облысы.

Психологиялық зерттеулерде адамның сезгіштігі түйсіну табалдырығымен анықталады, яғни сыртқы тітіркендіргіш пен сөз хабарламасы әсерлерін ұғыну табалдырығы. Адам сезгіштігінің түйсінілмейтін тітіркендіргіштерге қатысты зона болатынын кеңес физиологы Г.В.Гершуни анықтаған. Субсенсорлық облыс ылғи да нормада жұмыс істейтіндігі дәлелденді

Табалдырық сигналдарын табу және шешім қабылдау теориясы.

Мысалы, қараңғылыққа бейімделген көз 7 квант жарығына тең. Егер көз одан да мықты сезгіш болса, біз басқа эффект алар едік. Абсолютті табалдырық психология тарихында ұзақ қаралса да, әлі теориялық дискуссия көп.

Шешім қабылдаудың статистикалық теориясына тоқталамыз. Бұл теория сезгіштік проблемасын жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді. Мағынасы бойынша бұл теория тәуекел жағдайында шешім қалай қабылданады, соны суреттейтін жалпы теория болып табылады. Тітіркендіргіштерді табу проблемасына қатысты шешімдерді қабылдау теориясына берілген қосымшаны сигналдарды табу теориясы деп атайды. Ол шешім қабылдау мысалы ретінде табу ситуациясындағы бақылаушының мінез-құлқын қарастырады.

Сенсорлық шкалалар және сенсорлық функцияның психофизикасы.

Фехнер, Вебер жұмыстары өлшеу ғылымына бағытталды. Бірақ олар математиканың көмегінсіз белгілі бір жүйелікті қамтымады. Ғылымда үш өлшеу шкаласы белгілі, олардың бәрі психологияда қолданылады – реттік, интервалдар және қатынастар шкаласы. Реттік шкаланың негізгі кемшілігі – шкалада бөлінген әртүрлі нүктелердің арақашықтығы жайлы айтпайды.

Түйсіну күшін реттік шкала бойынша өлшесек, бір түйсіну екіншісіне қарағанда күштірек дегенді айта алмайды, ол жоғарғы қатарға ие болса ғана, біз оны күштірек деп ойлаймыз, бұл дәл емес, ендеше біз өлшеудің пайдалы нәтижелерін алу үшін ретке қарағанда, шкалалауда сандық қатынасты қолдансақ, сол тиімді. Тек өлшеу бірлігін табу керек. Оны интервалдар шкаласы жасай алады, екі нүкте арасындағы айырмашылықты анықтайды. Ноль нүктесіне судың қатуы, ал 100-қа судың қайнау нүктесі алынды (Фаренгейт шкаласы).

Қатынастар шкаласы – ең қарапайым өлшеу шкаласы. Стимулдарды дәл сипаттау үшін көбінесе қатынастар шкаласын қолданады - өлшеу, салмақ, жарықтық шкалалары. Осы стимулдар шақырған түйсіну туралы не айтуға болады? Түйсінуді шкалалауға бола ма: Түйсінуден қатынастар шкаласына қалай өтеміз? Шкалалаудың бірнеше тәсілдері бар, олардың бастысы – фракциялау, қатынастарды бағалау және шамаларды бағалау. Осы үш әдіс бірдей нәтиже береді.

Түйсік – қоршаған орта заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерін бейнелейтін қарапайым процесс. Басқа сөзбен айтқанда, адам қоршаған ортаның барлығын түйсінеді.

Қабылдау – қоршаған орта заттары мен құбылыстарының барлық қасиеттерінің бүтіндей бейнелеу процесі

Оқу әдебиеттері:

Негізгі:

1. **Выготский Л.С.** Лекции по психология. – М.: Изд-во Перспектива, 2018.-148 с. ISBN: 978-5-9906376-6-5

Аннотация:

Кітапқа белгілі психолог Л.С. Выготский жоғары психикалық функциялар және олардың балалық шақтағы дамуы туралы дәрістері кіргізілген. Кітап психологтарға, философтарға, оқытушыларға, психологиялық факультеттердің студенттеріне арналған.

2. **Гиппенрейтер Ю.Б.** «Введение в общую психологию» .-М. Из-во АСТ, 2019.-352 с. ISBN: 978-5-17-108952-8

Аннотация:

Оқу құралында психология ғылымының негізгі ұғымдары ашылып, оның маңызды мәселелері мен әдістері көрсетілген. Автордың көп жылдар бойы Мәскеу мемлекеттік университетінің психология факультетінде 1 курс студенттеріне арналған лекциялар курсы негізінде жасалған оқу құралы аудиториямен қарым-қатынастың жеңілдігін сақтайды, көркем әдебиет және өмірлік жағдайларды, эксперименталды зерттеулерден көптеген мысалдарды қамтиды. Ол жоғары ғылыми деңгей мен жалпы психологияның іргелі мәселелерін ұсынудың танымалдылығын сәтті үйлестіреді.

Психологияны оқи бастаған студенттерге арналады; оқырмандардың кең ауқымын да қызықтырады.

3. Джеймс У. Психология.-М., Изд-Во.: Амрита-Рксь, 2020, 448 с. ISBN: 978-5-413-01948-1

Аннотация:

Американдық психологияның негізін қалаушы Уильям Джеймс (1842–1910) «Психология» оның «Психология негіздері» атты ұлы еңбегінің қысқартылған нұсқасы болып табылады. Неміс психологтары мен философтарымен пікір таластыра отырып, Джеймс сананың «ішіндегі» деректерді емес, нақты фактілер мен сана күйлерін зерттеу міндетін алға қояды. Ол сананы бірдей сезімдер немесе ойлар екі рет қайталанбайтын ағын деп санайды. Бұл кітап психология негіздерін зерттегісі келетіндердің барлығына пайдалы болуы мүмкін.

Қосымша әдебиеттер:

1. Лурия А.Р. «Лекции по общей психологии».-М., Издательство: Питер, 2020, 384 с. ISBN: 978-5-4461-0814-5

Аннотация:

Александр Романович Лурияның лекциялары – жалпы психология бойынша университеттік курс, ол психология студенттері мен осы пәнді оқытатын оқытушылар үшін де, психологияға қызығушылық танытатын кең ауқымды оқырмандар үшін де қызықты. Профессор Лурияның дәрістері пәнге тұтас синтетикалық көзқараспен, материалды беру деңгейі мен формасымен ерекшеленеді. Олар ең алдымен әдістемелік және теориялық тұрғыдан өзекті және қазіргі оқу әдебиетінің арасында өте лайықты орын алады.

2. Портер Алан. Психология. Все, что вам нужно знать, - в одной книге.-М., Из-во – Бомбора, 2022 , ISBN 978-5-04-112106-8.-256 с.

Аннотация:

Бұл кітапта Вестминстер университетінің психология профессоры Алан Портер бүгінгі психология туралы біз білетін барлық нәрселерді қысқа және анық сипаттайды. Сіз негізгі психологиялық теориялармен танысасыз және оларды өзіңізді және жақындарыңызды жақсы түсіну үшін қалай қолдануға болатынын білесіз.

Көрнекі диаграммаларға, иллюстрацияларға, әрі қарай оқуға арналған ұсыныстарға және нақты өмірлік мысалдарға толы бұл кітап сіздің психология еліне саяхатыңызды ұмытылмас етеді.

3. Рубинштейн С.Л. «Основы общей психологии».-М., Издат-во: АСТ, 2019, 960 с. ISBN: 978-5-17-114740-2

Аннотация:

Көрнекті психолог және философ Сергей Рубинштейннің «Жалпы психология негіздері» кітабы алғаш рет осыдан сексен жыл бұрын жарық көрді, бірақ әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ және психология ғылымының ең толық энциклопедиясы және көптеген адамдар үшін білім көзі болып саналады.

Кітапта ғалым психологияны танымның функционалдық жүйесі ретінде көрсете білді, онда зерттеудің әртүрлі әдістері мен деңгейлері икемді, өзара әрекеттесуінде өзгермелі – міндеттеріне, жағдайларына және психологияның қоғамдық өмірдегі рөліне байланысты. С.Рубинштейн психология мен жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар арасында байланыстар жасайды, оның осы ғылымдар кешеніндегі орнын анықтайды. Оның іргелі

еңбегінде әлемдік психологиялық ой-пікірдің бүкіл дерлік тәжірибесі талданып, отандық психологияның зерттеулері, жетістіктері мен мәселелері көрсетілген.

Ғаламтор ресурстары: (3-5 тен кем емес)

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
2. <http://www.psychology.ru>
3. <http://www.flogiston.ru>
4. <http://www.colorado.edu/VCRResearch/integrity/humanresearch/CITI.htm>
5. CyberBear (<http://cyberbear.umt.edu>)
6. <http://www.umt.edu/psych/>
7. <http://www.humanities.edu.ru>